

Әдебиеттер тізімі

1. Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ. Қазақстан археологиясы: Жоғары оқу орнының студенттеріне арналған оқу құралы. ҚРБЖҒМ, Өл-Фараби атындағы ҚҰУ. Ө.Х. Марғұлан атындағы археология институты. – Алматы қазақ университеті, 2011 – 354 б.
2. Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары. – Алматы: Аруна, 2005. – 304 б.
3. «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламаның қорытындылары. <http://www.madenimura.kz/kk/government-program-madenimura/program-results-madenimura/>.
4. Дерек көзі: kitapkhana@nabr.kz.
5. Назарбаев Нұрсұлтан «Мәдени мұра» бағдарламасы мемлекеттік бағдарлама болуы тиіс // Егемен Қазақстан. 2004. 29 қараша.
6. Бердібай Р. Ұлттық рух тақыры тарихта. // Жалын, 2004. № 2, 25–27 бб.
7. Зарубежная архивная казахстаника. Информационно – аналитический обзор. – Астана, 2006. – 210 с.

ӨЛКЕТАНУ НЕГІЗДЕРІ АРҚЫЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕГЕ БАУЛУ

Қасаболат А. Ж.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

Қазіргі жер шарында әртүрлі саяси өзгерістермен қоса экологиялық дағдарыстар да ғаламдық мәселеге айналып отыр. Оған себеп ғылыми-техникалық прогрестің жедел дамуы негізіндегі адам баласының табиғат заңдылықтарына бағынбауы, оны дұрыс сақтамауы болып отыр. Атап айтқанда соңғы жылдары біздің республикамыздың табиғаты бұрын-соңды болмаған өзгерістерге ұшырауда. Экологиялық дағдарыстың неғұрлым қауіпті көріністері: аймақтың техногенді шөлейттенуі, топырақтың эрозияға ұшырауы, су ресурстарының тартылуы, атмосфераның ластануы, ормандардың сиреуі, тіршілікке қауіп тудыратын өнеркәсіптердің көбеюі, улы қалдықтардың қоршаған ортаға жинақталуы. Табиғат – Анамен жылдар бойы қалыптасқан тепе-теңдіктің бұзылуы ХІІ ғасырда бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Ғаламат жаңалықтармен бірге өндірістің жедел дамуы, зауыттардың еселеніп салынуы, топырақтың құнарсыздануы, тың игеру, қазақ жеріндегі ядролық сынақ алаңдары күнделікті тіршілікке араласып, жетістігімен қатар апатын да ала келді. Қазақстанның қазіргі экологиялық жағдайы ғаламдық шеңберде проблема тудыратын мәселеге айналып отыр. Кеңес дәуірінде ірі өндіріс орындарының қарқынды дамуына байланысты табиғат байлығын игеру мәселесінде қоршаған ортаның ескерілмей, көптеген зиян әкелгенін енді ғана біліп отырмыз. Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтің «Қазақстан-2050» даму стратегиясына және үкімет қаулысына сәйкес Білім және ғылым министрлігі балабақшадан бастап, жоғары оқу орындарына дейін экологиялық білім мен тәрбие берудің концептуалды бағытын айқындап берді. Онда: тәрбие процесін Қазақстандық патриотизм, азаматтық интернационализм, гуманизм идеяларына негіздеу және оқушылардың жеке бастарының жоғары адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағыттап, олардың қоғамдық бірлестігін дамыту мақсаты көзделген. Қазақстан Республикасының Конституциясында (30.08.1995ж. 6-бап) табиғат қорғау мәселесі өз дәрежесінде қаралып, жер және оның қойнауы, ауа, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болып, адам өміріне, оның денсаулығына қолайлы жағдай жасалатындығы; сонымен бірге Қазақстан азаматтарына табиғатты аялау, сақтау, оның бар байлығын ысырапсыз пайдалану міндеттілігі жүктелді. Шілденің 15 күні, 1997 жылы қабылданған «Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау» заңының арнайы 73 және 74 баптарында жарқын болашақ

экологиялық жағдайдың жақсаруы қарастырылып, оның бағыт-бағдары айқындалды. Еліміз егемендігін алғалы бері, әсіресе қазіргі мемлекеттік басқару, қоғамдық ұйымдар табиғатты қорғау барысында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатқан ғылыми мекемелер ағарту және үгіт-насихат жұмыстарына көп көңіл бөлінуі қажет. Себебі жалпы табиғат байлығына өз меншігіндей қарап, оны қадірлеп, бағалай білетіндей етіп тәрбиелеу мәселесіне көп көңіл бөлінуі тиіс. Ендеше бүгінгі таңда білім беру саласының басты міндеті - өскелең ұрпаққа экологиялық білім мен тәрбие беру арқылы туған өлкесін сүюді, оны аялап, қорғауды барынша насихаттап, үздіксіз жұмыс жүргізуі қажет. Мектепте оқу-тәрбие үрдісінде оқушыларға өлкетанулық негізінде экологиялық білім мен тәрбие беруді қалыптастыру және дамыту керек.

Өлкетанудың дүниетанымдық негізін сонау ерте заманнан Әбу Насыр Әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Жүсіп Баласағұни, Низами, Махмұд Қашқари сияқты ғұлама ойшылдар жан-жақты талқылап, ерекше мән берген [1,2,3,4,5,6,9].

Қазақтың ақын-жыраулары Қорқыт ата, Асан қайғы, Бұқар жырау, Шал киіз, Дулат, Ақтамбердінің поэзиялық еңбектерінде қазақ халқының өмір бойы табиғатпен байланыста болып, жеке адамның сана-сезімін, ақыл-ойын тәрбиелеуде оның сарқылмас қайнар көзі екендігін көре білгендігі айтылады.

Қазақтың зиялы ағартушылары Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатовтың еңбектерінде жас ұрпақтың бойынан табиғаттың әсем көріністері арқылы туған өлкені сүю, оны аялау сезімдерін оята білетін тағылымдар жетерлік. Туған өлке табиғатын зерттеудің ғылыми-педагогикалық негізін салған – К.Д. Ушинский. Ол туған өлкені зерттеудің білімдік және тәрбиелік маңызын аша көрсетіп, оқытудағы «Отантану» ұстанымын ғылыми тұрғыда дәлелдеді. К.Д.Ушинский баланың бойында табиғатты қорғау сезімдерін оятып, оның адамгершілік, эстетикалық, дамуындағы табиғаттың маңызын аша түскен. «Өлкетану» терминін педагогикада алғаш рет 1965 жылы П.В.Иванов қолданды. П.В.Иванов өзінің «Мектептегі өлкетанудың педагогикалық негізі» деген кітабында: «Мектептегі өлкетану – бұл оқушылардың оқу процесінде сабақтан тыс және мектептен тыс жұмыстарында туған өлкелерін жүйелі және жан-жақты танып-білуі жатады», – деп жазды. [11, 56] Қазақстанда өлкетану білімінің алғашқы негізін салған – Шоқан Уәлиханов болды. Ол адамды табиғаттың туындысы деп ұғынып, орман мен тоғайды, өзен мен көлді, шөлейтті жерлер мен даланың тіршілік үшін қажеттігін және біртұтастығын байқаған. Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасында «Орта білім берудің мақсаты – жылдам өзгеріп отырған дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» делінген. Демек, жалпы білім беретін мектептердегі жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзат мәдени мұрасының сабақтастығын сақтай отырып оқыту, тәрбиелеу, әрбір шәкіртті жеке тұлға ретінде жан-жақты дамыту ұстаздардың алдына қойылған мақсаттары. Қазіргі кезде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне өтуге бағыт алуда. Демек, бүгінгі таңда мектеп мұғалімдерінің басты міндеттері – оқушылардың санасына Отанға, атамекенге, туған өлке табиғатына деген сүйіспеншілік сезімдерін оятып, ол арқылы туған өлке табиғатының байлығын сақтауды, оны аялап, қорғауды барынша насихаттап, үздіксіз жұмыс жүргізулері қажет. Туған өлке табиғатын қорғау және тиімді пайдалану, оны ластану мен бүлінуден қорғау үшін адамзатты жауапкершілікке тәрбиелеу, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың азаматтық негіздерін қалыптастыру Отанға деген сүйіспеншілікке байланысты. Патриоттық сезімді тәрбиелеу өз Отаныңды терең танудан басталады. Бұл жайлы Қ.И.Сәтбаев: «Отанына патриоттық сезімін тәрбиелеу дерексіз ұғымдарға емес, нақты заттарға негізделуі керек. Осыған орай біздің жеріміз, орман, тауларымыз, өзендер мен көлдеріміз, өндіріс орталықтары, біздің

мектептеріміз – осылардың барлығы тәрбиелеудің құнды материалы болып табылады», – деп тұжырымдайды. Елінің нағыз азаматы болуы үшін ең алдымен өз өлкесін, оның табиғатын, байлығын, тарихы мен мәдениетін, өнерін біліп, зерттеу қажет. Тек халықтың еңбек әрекетін, ауыл немесе қаланың экономикалық өмірін ғана емес, сонымен қоса өлкенің орманды, далалы, таулы, шөлді жерлерінде не болып жатқанын білу керек. Ал туған өлкенің қоршаған табиғатында оқушылардың психологиялық, логикалық ойлау қабілетінің дамуына нақты ұғымдар мен түсініктердің қалыптасуына ықпалын тигізетін сарқылмайтын материалдар көп.

Өлкетану – мұғалімнің басшылығымен оқушылардың туған өлкесінің (мектеп маңын, ауыл, аудан, қала, облыс, өлке, Қазақстан) табиғи, тарихи, әлеуметтік және экономикалық жағдайларын жан-жақты зерттеуі. Осы арқылы оқу мен тәрбиені өмірмен, қоршаған ортамен тығыз байланыста қарастыруға болады.

Өлкетанудың зерттеу нысанына: жер, су, ауа, жануарлар, өсімдіктер және сол өлкенің тарихы, мәдениеті, шаруашылығы жатады.

П.В.Иванов оқу-тәрбие үрдісін өлкетану принципі негізінде жасауды дұрыс деп санады. Оның ойынша **өлкетану принципі дегеніміз** – оқыту үдерісінде бағдарламалық материалдарға байланысты табиғат және еңбек туралы материалдарды пайдалану жатады. [11]. Өлкетану принципі негізінде берілген тәрбие оқушылардың өлкетану жайындағы білімін байытады және олардың табиғатты қорғау жұмыстарын ұйымдастыру арқылы өз туған өлкесінің табиғатын оқып үйренеді.


Жоңғар Алатауы мен Іле Алатауының табиғатын, өсімдіктері мен жануарларының таралуын зерттеп, алғаш рет сызба нұсқасын жасаған Ш.Уәлиханов қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрыптарын жете зерттеп, олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін былай деп суреттейді: «Көшпелі қазақ халқы табиғаттағы кейбір аңдар мен құстарды киелі деп қастерлейді. Оларды «обал, сауап», деп ұстамайды, атып өлтірмейді. Осындай құрмет тұту, ата-дәстүрін сақтау адам баласына бақыт пен байлық, құт пен береке әкеледі», – деп қазақ халқының өмірін табиғатпен жақын байланыстығын көрсетеді.

Өлкетану негіздері дегеніміз – өз өлкенді (ауыл, аудан, қала, облыс, республика) жан-жақты тану, оның қоғамдық өмірін, географиялық, экологиялық, экономикалық, демографиялық және табиғи, мәдени ресурстарын есепке алып зерттеу. Өлкетанудың білім беру сапасын көтеруде ықпалы зор. Өлкетану жұмыстары оқушылардың оқу құралынан дайын білімді алу ғана емес, оған қоса мұғалім басшылығымен оқушылардың ізденіс-зерттеу әдістерін қамтиды. Сондықтан өлкетану жұмысының ерекшелігі – оның мұғалімдер мен оқушыларды зерттеуші ететіні. Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тілін, мәдениетін білетін тұлға етіп тәрбиелеуде және оқытудың сапасын арттыруда өлкетану маңызды, күшті құрал болып отыр. Қазір Республика мектептерінде өлкетану жұмысы жақсы жолға қойылған және жан-жақты өркендеп келумен қатар теориялық, әрі практикалық маңызы зор. Бұл балалар ұжымын құру мен оқу-тәрбие жүйесін жақсартуға мүмкіндік беретін жұмыстың аса маңызды түрлерінің бірі болып табылады. Өйткені ғылым мен техниканың барынша қарыштап дамыған қазіргі кезеңінде жан-жақты білімнің керектігін өмірдің өзі көрсетуде. Сондықтанда оқушыларға тек қоршаған орта мен туған өлкенің табиғатын өз көздерімен көріп, оның шежіресін өз қолдарымен жазу, оның қиыншылықтарын ұжым болып жеңе білу зор қуаныш әкеледі.

Өлкетану – қызықты және тірі мектеп. Өлкетану жұмыстарымен айналысқан мұғалімнің өзіне де өте пайдалы. Олар өз білімдері мен педагогикалық шеберліктерін тереңдетуге, оны әрі қарай дамытуға, сабақ әдістемесін түрлендіруге мүмкіндік алып, экологиялық білім мен тәрбие беруде нақтылық пен сенімділікті енгізеді. Өлкетану – бұл мұғалімдердің білімдерін жетілдірудің ең тиімді жолы.

Өлкетану жұмыстары оқушылардың қоршаған табиғи ортаны дұрыс қабылдауға, оның заңдылықтарын сақтауға, тікелей бақылау жасауға көмектеседі. Сонымен бірге оқушылардың терең білім алып, танымдық қызығушылығын арттырып, дүниеге дұрыс көзқарасын қалыптастырады.

Тәжірибе барысында дәлелденгендей біз тақырып аясында зерттеу жұмыстарын жүргізгенде облысымызда орналасқан «Өлкетану» мұражайына зерттеу жұмысын өткіздік сол бойынша дүниетанымдық көзқарас өлкетанудың атқаратын қызметін былайша топтастырдық.



1. Мәдениетті қалыптастырады. Өлкетану жас ұрпақтың адамзаттың тарихи ескерткішін, әсіресе тәрбиелі адам жанының өзегін оятатын рулық, аймақтық ескерткіштерді сақтау және игеру міндетін шешеді. Олай болса, өлкетанусыз адамзаттың тіршілік етуі мүмкін емес. Адамның адам болып қалыптасуы үшін әр адам үнемі әлеуметтік-мәдени дамудың үрдісіне ілесіп, адамзат қоғамы жасаған мәдени үлгілерді өз бетімен меңгеруі қажет.

2. Мәдениетті біріктіреді. Өлкетану өлке тұрғындарын тірі әлеуметтік ағзаға біріктіруді қамтамасыз етеді. Өлкетанумен айналысатын адам ата-бабаларымыздың еңбегін жалғастырады және ұрпағының рухани ой-өрісін қалыптастырады. Олай болса, өлкетану адамның өмірге белсенді, саналы көзқарасын қалыптастыру тәсілі, бір жерде тұратын адамдарды жаппай өзіндік ұйымдастыру тәсілі болып саналады.

3. Тәрбиелейді. Өлкетану әр дәуірдегі ұрпақ өкілдерінің рухани байланысын қамтамасыз етеді. Ол ата-баба мұрасына сыйлы көзқарасты қалыптастырады. Өлкетану әрбір ұрпаққа тарихи келешектегі өз орнын және алдында тұрған міндеттерді саналы түсінуге мүмкіндік береді.

4. Білім беру Ағарту. Өлкетану ғылым мен ағартуды, мәдениетті байланыстыра отырып, үнемі әртүрлі формада насихаттау, таныту іс-әрекетін атқарады. Және бұл іс-әрекет өлкетануда ғылыми-зерттеумен қатар емес, онымен тығыз байланыста жүзеге асырылады, яғни өлкетану сабақтары жай ғылыми зерттеу емес, ол адам сол арқылы өзінің халық тағдырымен байланысын сезінгенде ғана табысты болады. Сондықтан нағыз өлкетанушыда әрқашан алдыңғы ұрпақтың мәдени мұрасын игертуге көп адамдарды тарту қажеттілігі артып отырады. Осындай мектепте тәрбиеленген адам шынымен білімді болады. Ол өз елінің мәдениетін білетін және дамытатын болады, сонымен бірге басқа мәдениет өкілдеріне аса құрметпен қарап, ешқашан басқа мәдени ескерткіштерді жоймайтын болады. Осы мектептен өте отырып, адам мәдениеттің тарихи қалыптасуына өзінің үлесін қосады, сол арқылы сый-құрметке, беделге, шынайы зиялылыққа ие болады.

5. Адамгершілік. Адамгершілік борыш сезімін қалыптастыру – өлкетану іс-әрекетін маңызды ынталандырушы күш. Адам өзінің кәсіби қызметінің туған жердің тарихымен, тағдырымен байланысын сезінгенде және тарихи ескерткіштерді сақтаудың жауапкершілікті іс екендігін мойындағанда ғана өлкетанумен айналысады. Өлкетану арқылы туған жердің тарихи ескерткіштерін сақтау және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу арқылы адамдар бір топқа бірігетін болса, ол қозғалысшылардың ағартушылық және ұйым-

дастырушылық жұмысының арқасында мүмкін болады, мұның өзі басқалар үшін адамгершіліктің үлгісі болып табылады. Өлкетануды оқу қажет емес, өлкетанушы болу керек. Ол үшін рухани дамудың белгілі бір деңгейіне қол жеткізу қажет, сонда өлкетанумен айналысу адамгершілік қажеттілікке айналады. Туған өлкенің қоршаған табиғатында оқушылардың санасында табиғатты сүюі, туған жерді қорғауы – Отанға деген патриоттық сүйіспеншілікті қалыптастырады. Өлкетану мектеп пен өмірді өзара байланыстырады.

Өлкетану – жергілікті белгілі бір шектелген өңірді немесе еліміздің шағын бөлігін зерттеу. Оқушылар өз өлкесінің өлкетану жөніндегі білім қорын меңгеруді алғаш рет мектеп табалдырығын аттаудан бастайды. Оқушыларға өлкетану негізінде білім беру олардың туған өлкеге деген сүйіспеншілігін қалыптастырады. Туған өлкеге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру оқушыларға отаншылдық, адамгершілік, экологиялық, эстетикалық тәрбиелерді берумен үнемі жүріп жатады. Бұл аталған тәрбиелер біріншіден, оқушыларға өлкетану, атамекен, халық педагогикасы жайында түсінік бере отырып, туған өлкеге деген сүйіспеншілігін оятады.

Екіншіден, оқушылардың туған өлкеге деген сүйіспеншілігін қалыптастыратын педагогикалық шарттарды анықтайды және оны жаратылыстану пәндерін оқытумен жүзеге асырылады.

Өлкетану мен экологиялық білім берудің жолдарын жан-жақты зерттеген ғалым, академик, табиғаттың жанашыры **Нұрғали Сарыбекұлы Сарыбеков** (1934-1998ж.) бүкіл ғұмырын табиғатты қорғау ісіне арнап, артында өшпес еңбектер қалдырды. Атап айтсақ, «Табиғат - тіршілік тірегі» /1974ж./, «Туған өлкеңді сүйе де біл, оның табиғатын қорғай да біл» /1974ж./, «Человек друг природы» /1981ж./, «Воспитание любви к природе» /1994ж./, «Жалпы білім беретін орта мектепте оқушыларды табиғат қорғауға тәрбиелеудің педагогикалық негіздері» /1993ж./, «Қазақ халқының табиғат қорғау дәстүрлері» /1996ж./, т.б. көптеген еңбектері бар. Ол өзінің еңбек жолында табиғатты қорғаудың негізгі заңдарын, табиғатты қорғауға тәрбиелеу формуласын және тағдыр теңдеуін жасап шығарды. Туған өлке табиғатын тәрбие құралы деп қараған ғалымдар Н.Н.Баранский, П.А.Лярский, И.С.Матрусов, М.Н.Скаткин, Е.И.Водовозова, Е.И.Тихеева еңбектерінің орны ерекше.

Н.Н.Баранский өзінің еңбегінде мектептік өлкетанудың теориясы мен әдістемесін дамытқан, өлкетану жұмыстарының формаларын қарастырған және ауыл мен қаланы зерттеудің бағдарламасын жасаған. Ол: «Мұғалімнің жергілікті жердің табиғатынан алған мысалдары білім мазмұнын түсінікті, әрі қызықты етеді» - деді. Белгілі ғалым-эколог И.Д.Зверев: «Экологиялық тәрбиенің мақсаты – ғылыми білім жүйелерін, көзқарас пен сенімдерді адамгершілік мораль нормаларына сәйкес қоршаған ортаның жағдайына адамзаттық белсенділік қатынастарды қамтамасыз ету болып табылады», – деп экологиялық ғылымды жаңа сала ретінде ашып көрсетті. Ол мұғалімдерге қойылатын 3 талапты атап көрсетті:

1. Мұғалімнің табиғат үшін қоғам алдындағы жауапкершілік сезімі болуы тиіс;
2. Мұғалімнің өзі күнделікті өмірі мен қызметінде табиғаттың нағыз жанашыр қамқоршысы ретінде үлгі-өнеге көрсетуі тиіс;
3. Әрбір мұғалім экологиялық біліммен қарулануы тиіс.

И.Д.Зверевтің пікірінше, аталған осы талаптарды орындайтын әрбір мұғалім өзінің шәкірттерін жоғары деңгейде табиғатты қорғауға тәрбиелеп шығарады [11, 73].

Сонымен қатар Н.А.Рыков және Б.Г.Иоганзен зерттеулерінде адамның табиғатпен қарым-қатынасының төмендегідей мотивтерін айқындайды:

а) азаматтық мотив – Отанға деген сүйіспеншілік, еліміздің байлығын көбейту мен қорғауда қоғам алдындағы борышын түсіну;

ә) ізгілік мотиві – іс-әрекеттерде мейірімділік, қамқорлық көрсету, табиғатты қорғауға ниет ету;

б)эстетикалық мотиві – табиғаттың әсемдігін сезіну және түсіну [11].

Оқушыларға өлкетану негізінде экологиялық білім мен тәрбие берудің ерекшелігі, қоршаған табиғи ортаның заңдарын және оны ғылыми тануды есепке ала отырып, табиғи зерделеу мүмкіндігі оқушының тұлға ретінде тұтастықта дамуына мүмкіндік тудырады. Кез келген мектеп пәнін туған өлке, туған қаладағы белгілі адамдар, ғалымдар, жазушылар, өнеркәсіп, өнер, табиғат, деректі мысалдармен түсіндіруге болатынын білеміз. Себебі, оқытуда нақты фактілерді ұғынудан оқушы санасында белгілі түсінік қалыптасады, ойлау логикасы күшейеді, танымдық қызығушылығы артады.

Өлкетану қай кезде де мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің бір бөлігі болып қала береді. Ол оқу материалын нақты фактілермен толықтыру арқылы оқу процесін қызықтыруға әсер етеді, теориялық білімнің түйсікті қабылдауына әсер етеді, мектепті өмірмен байланыстырады. Бүгінгі күні өлкетану негізінде экологиялық білім берудің орны жоғары дегенмен, өлкетану материалдарын оқу процесінде пайдалану әрбір мұғалімнің міндеті болып табылады. Бұл жұмысқа көптеген педагогтар әлі де дайын емес.

Мектеп өлкетануында екі қарама-қайшы бағыт қалыптасқан:

Біріншіден – оқу-тәрбие процесінде өлкетану материалдарының орнын бағаламаушылық болса, екіншісі – асыра бағалау болып есептелінеді. Бұл екі тенденция да кері. Ең бастысы, біздің ойымызша, мектеп практикасында өлкетану материалдарын пайдалану оқу-тәрбие процесінің сапасын жетілдіреді деп түсінуге болады. Бұл проблеманың психологиялық-педагогикалық талдауынан тұжырымдағанымыз: өлкетану мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жүргізудің мықты құралы, себебі, ол қызықты, жаңа, оңай, сондықтан білім беру мен тәрбиелеу міндеттерін шешуге көмектеседі.

Туған өлке табиғатын қорғау және оны тиімді пайдалану, оны ластану мен бүлінуден қорғау үшін адамзатты жауапкершілікке тәрбиелеу, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың азаматтық негіздерін қалыптастыру – Отанға деген сүйіспеншілік сезіммен байланысты. Оның себебі, оқушыларды табиғатқа жақындастырмайынша, өлкетану материалдары мен жұмыстарын оқу-тәрбие үрдісіне енгізбейінше, оқушылардың патриоттық сезімін тәрбиелеу мүмкін емес. Өйткені патриоттық сезім өзі туып өскен, алғашқы қадам басып, өмірдің әліппесін таныған жеріне деген сезімдеріне байланысты болмақ. Бұл Ғ.Қайырбековтың өлеңінде жақсы көрінеді:

Туған жер – алтын бесік, алтын анам,

Ауанмен, ақ сүтінмен асыраған.

Мен-дағы ұлың едім өзің тектес,

Алысқа несібесі шашыраған.

Яғни, патриоттық сезімді тәрбиелеу өз Отаныңды терең танудан басталады. Туған жерінің нағыз азаматы болуы үшін ең алдымен өз өлкесін, оның табиғатын, байлығын, тарихы мен мәдениетін, өнерін біліп, зерттеу керек. Тек халықтың еңбек әрекетін, қаланың экономикалық өмірін ғана емес, сонымен қоса өлкенің орманды, таулы, далалы жерлерінде не болып жатқанын білу қажет. Оқушылар табиғат құбылыстары арасындағы маңызды байланысты анықтап, оларды белгілеу іскерлігін өз бойларына қалыптастырады. Өз өлкесін зерттеу барысында оқушылар тек нақты ұғымды меңгеріп қана қоймай, оларда дүниетанымдық білімдер де дамиды.

Туған өлке туралы нақты білімге негізделе отырып, оқушылар өскен жерінің табиғат құбылыстарын бақылауға төселіп, оның ғажайып сырларын ашады, еңбекке деген сүйіспеншілігін тәрбиелейді, қоғамына, еліне кішкене болса да пайда келтіруге деген ынтасын оятып, қоршаған орта заңдылықтары мен құбылыстары жайлы түсінігін кеңейтеді. Өлкетану мектеп пен өмірді байланыстырады. Өлкетанудың тағы бір жетістігі – мұғалімдер мен оқушылардың ізденіс, шығармашылық жұмыстарға тікелей қатысуы болып табылады. Сабақта өлкетану материалдарын пайдалану оқушылардың ерік-жігерін, тәрбиелеп, пәнге деген қызығушылығын артыра түседі; берілген тапсырманы дұрыс орындап, жауапкершілікпен қарауға, алдына қойылған мақсатқа жетудегі табанды-

лық, тапқырлық, шыдамдылық, батырлық, ұқыптылық, байқағыштық сияқты мінездердің құнды сапаларына дағдыландырады. Туған өлке табиғатын жан-жақты тануға, өсімдіктері мен жануарларын сақтауға, байлықтарын көбейтуге, адамзаттың өз өлкесін саналы түрде қорғауға тәрбиелеу мәселесі ғылыми тұрғыдан қарастырылды. Туған өлке табиғатын қорғау және оны тиімді пайдалану, оны ластану мен бүлінуден қорғау үшін адамзатты жауапкершілікке тәрбиелеу, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың азаматтық негіздерін қалыптастыру – Отанға деген сүйіспеншілік сезіммен байланысты. Оның себебі, оқушыларды табиғатқа жақындастырмайынша, өлкетану материалдары мен жұмыстарын оқу-тәрбие үрдісіне енгізбейінше, оқушылардың патриоттық сезімін тәрбиелеу мүмкін емес. Өйткені патриоттық сезім өзі туып өскен, алғашқы қадам басып, өмірдің әліппесін таныған жеріне деген сезімдеріне байланысты болмақ.

Кең байтақ Қазақстанның экологиялық жағдайына келер болсақ, теңізінің тартылғанын, ядролық сынақтың зардабын тартқан жерлерін, өнеркәсіптердің әсерімен ластанған ауасы мен суын, құнарсыз топырағын және осындай ластанған, уланған табиғатта өмір сүріп жатқан адамдардың ауру-сырқауларын, қайғы-қасыреттерін айтпауға болмайды. Сондықтан қазіргі кезде экологиялық мәселе Қазақстанның ішкі және сыртқы ұлттық қауіпсіздік саясатының стратегиялық ірге тасы болып саналады. Қазақстан Республикасы егемендік алған және Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болған күннен бастап дербес мемлекет ретінде барлық халықаралық экологиялық мәселелерін шешіп қана қоймай, нақты іс-шаралар жүргізіп жатыр. Өлкетану – қызықты және тірі мектеп. Өлкетану жұмыстарымен айналысқан мұғалімнің өзіне де өте пайдалы. Олар өз білімдері мен педагогикалық шеберліктерін тереңдетуге, оны әрі қарай дамытуға, сабақ әдістемесін түрлендіруге мүмкіндік алып, экологиялық білім мен тәрбие беруде нақтылық пен сенімділікті енгізеді. Өлкетану – бұл мұғалімдердің білімдерін жетілдерудің ең тиімді жолы.

Өлкетану жұмыстары оқушылардың қоршаған табиғи ортаны дұрыс қабылдауға, оның заңдылықтарын сақтауға, тікелей бақылау жасауға көмектеседі. Сонымен бірге оқушылардың терең білім алып, танымдық қызығушылығын арттырып, дүниеге дұрыс көзқарасын қалыптастырады.

Ғасырлар бойы адамзаттың озық ойлы өкілдерін ойландырған дүниетаным мәселесі бүгінгі таңда да көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Сол себептен де жас ұрпақтың дүниеге көзқарасын жас кезінен қалыптастыру – кезек күттірмейтін мәселе.

Зерттеліп отырған мәселе күрделі болғандықтан, оның барлық салаларын терең қамтып шығу мүмкін емес. Бірақ бұл мәселенің айқындалған жағдайлары болашаққа өлкетану негізінде экологиялық тәрбие беру арқылы орта мектеп, педагогикалық колледж, оқушыларының, жоғары оқу орны студенттерінің дүниетанымын қалыптастыру мәселесін зерттеуге негіз бола алады деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Айнала қоршаған табиғи ортаны қорғау Заңы».
2. Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғаудың ұлттық жоспары.
3. Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» халыққа жолдауы.
4. Қазақстан Республикасы экологиялық білім мен тәрбие берудің ұлттық стратегиясы.
5. Қазақстан Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заңы.
6. Аль-Фараби. Философские трактаты. – Алматы. 1998. 62 б.
7. Жарықбаев Қ.Б. Антология педагогической мысли казахского народа. – Алматы: Білім. 1996. 87 б.
8. Жарықбаев Қ. Аталар сөзі – ақылдың көзі. – Алматы: Қазақстан. 1999. 116 б.
9. Курманов М.К. Краеведческая работа учителя. – Алматы. 2005. – 91 б.
10. Иванов П.В. Краеведческая работа учителя. – М: Дарина, 2005. 56 б.
11. Баранский Краеведение в системе воспитательной работы. – Москва. 2003. 73 б.